Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы
білім бөлімінің
Бауыржан Момышұлы
атындағы
мектеп - гимназиясы»
КММ
БҰЙРЫҚ

КГУ
«Школа-гимназия имени
Бауыржана Момышулы
отдела образования
города Костаная»
Управления образования
акимата
Костанайской области
ПРИКАЗ

2026 жылғы 01 қыркүйек
Қостанай қаласы

№ - 501
город Костанай

**2026-2027 оқу жылында
«Адал азамат» біртұтас тәрбие беру
бағдарламасын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 21 тамыздағы № 446 «Қостанай қаласының білім беру ұйымдарында «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын енгізу туралы» бұйрығына сәйкес, сондай-ақ мектептегі тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру, білім алушылардың бойында азаматтық сана-сезімді, патриотизмді, адамгершілік құндылықтарды, жауапкершілікті, отбасына, еңбекке, қоғамға және мемлекетке құрмет сезімін қалыптастыру, сондай-ақ тәрбие процесінің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы» КММ-де 2026–2027 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жалғастырылсын.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары О.А. Гепфер мен Д.М. Медебаеваға:

2.1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі бағыттары мен құндылықтарына сәйкес мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету;

2.2. Бағдарлама іс-шараларының мектептің тәрбие жұмысының жоспарына, сынып жетекшілерінің, педагогтердің және оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмыс жоспарларына енгізілуін қамтамасыз ету;

2.3. Білім алушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, патриотизм, еңбекке, отбасына, Қазақстанның мәдениеті мен тарихи мұрасына құрмет құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз ету;

2.4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мәселелері бойынша педагогтер, білім алушылар және ата-аналар (заңды өкілдер) арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын.

3. 1–11-сынып жетекшілеріне:

3.1. Сынып ұжымдарының тәрбие қызметі аясында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды жалғастыру;

3.2. Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру және сабақ барысындағы және сабақтан тыс іс-әрекеттердің өзара байланысын қамтамасыз ету;

3.3. Білім алушылардың жалпы мектепішілік, сыныптық, әлеуметтік маңызы бар, мәдени, спорттық, патриоттық және кәсіптік бағдар беру іс-шараларына белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

3.4. Білім алушылардың мінез-құлық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, айналасындағы адамдарға, отбасына, мектепке, қоғамға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізу тапсырылсын.

4. Мектеп педагогтеріне:

4.1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының тәрбиелік аспектілері мен құндылықтарын білім беру процесіне кіріктіруді қамтамасыз ету;

4.2. Білім алушылардың дербестігін, жауапкершілігін, бастамашылдығын, еңбекқорлығын және қарым-қатынас мәдениетін дамыту үшін жағдай жасау тапсырылсын.

5. Педагог-ұйымдастырушыға және оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жетекшілеріне білім алушыларды «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға белсенді тартуды қамтамасыз ету тапсырылсын.

6. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметіне тәрбие жұмысының басым бағыттарына сәйкес білім алушылармен және ата-аналармен (заңды өкілдермен) профилактикалық және ағартушылық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.А. Гепферге жүктелсін.

Мектеп директоры **Ерденова Ж.К.**